Мектеп математика курсының базалық мазмұнына сипаттама. Математиканы оқытудағы пәнаралық, пәнішілік және сабақтастық байланыстар. 56 сыныптардағы пропедевтикалық математикалық дайындық. Математиканың 79 сыныптардағы жүйелі курсы. 10-11 сыныптардағы математика курсы. Жаңартылған білім мазмұнындағы бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған математикадан типтік оқу бағдарламалары.

Математикалық ұғымдар және оларды қалыптастыру процесі. Мектеп математика курсының анықталатын және анықталмайтын ұғымдары. Математикалық ұғымдарды анықтаудың тәсілдері. Математикалық терминдер мен символдар. Математикалық сөйлемдер. Аксиомалар. Теоремалар, олардың түрлері мен құрылымы, қажетті және жеткілікті шарттар, теореманы дәлелдеу тәсілдері. Мектеп математика курсындағы заңдар, алгоритмдер және ережелер.

Математикалық білім беруді қамтамасыздандырудың құралдары. Көрнекі құралдар және дидактикалық материалдар. Аудио-, видео- және компьютерлік оқу материалдары. Математиканы оқытудағы компьютердің қызметі. Тест педагогикалық өлшеудің құралы ретінде. Мектеп математика кабинетін жабдықтау және дидактикалық тұрғыда қамтамасыз ету.

Математиканы оқытуды ұйымдастыру формаларының жалпы сипаттамасы. Математика сабағы жалпы білім беретін мектепте бірыңғай педагогикалық процесі ұйымдастырудың негізгі формасы ретінде. Математикадан сыныптан тыс жұмыстар және факультативтік сабақтар.

Математиканы оқытудың әдістері мен заманауи технологиялары

Математиканы оқытудың әдістері және олардың классификациясы. Математиканы оқыту процесіндегі бақылау мен тәжірибе, салыстыру мен аналогия, жалпылау, абстракциялау және нақтылау, индукция мен дедукция, анализ бен синтез. Математиканы оқытудың активті және интерактивті әдістері.

Математиканы оқытудың заманауи технологияларының сипаттамасы. Математиканы оқыту жүйесіндегі проблемалық-ізденушілік технологиялар. Дамыта оқыту технологиялары. Математикалық білім берудегі модульдік

технология. Математиканы саралап оқыту технологиясы. Дидактикалық бірліктерді ірілендіру оқыту технологиясы ретінде.

Математикалық білім беру саласын компьютерлендірудің психологиялық-педагогикалық және әдіснамалық негіздері. Математиканы оқытудың қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологиялары.

Мектеп математика курсының негізгі мазмұндық-әдістемелік бағыттары және оларды оқыту әдістемесі

Сандар жүйесін оқытып-үйрету әдістемесі: сан ұғымын кеңейту; натурал және теріс емес бүтін сандар; сандардың бөлінгіштігі; бөлшектер және оларға арифметикалық амалдар қолдану; бүтін және рационал сандар, оларға арифметикалық амалдар қолдану; иррационал, нақты және комплекс сандар, оларға амалдар қолдану; арифметикалық амалдардың заңдары; оқушылардың есептеу мәдениетін қалыптастыру мәселелері.

Теңбе-тең түрлендірулерді оқытып-үйрету әдістемесі: сандық және алгебралық өрнектер; теңбе-теңдік ұғымының әртүрлі түсіндірмелері; теңбе-тең түрлендірулер, олардың түрлері, мектеп математика курсына орны мен ролі; жалпы білім беретін мектептің әртүрлі буындарында теңбе-тең түрлендірулерді оқытып-үйрету.

Функцияны оқытып-үйрету әдістемесі: функция ұғымының бейнелеу ретіндегі ғылыми түсіндірмесі; мектепте функция ұғымын енгізудің әртүрлі тәсілдері; негізгі мектептің алгебра курсына функцияны оқып-үйренудің әдістемелік жүйесі; функцияның графигі туралы ұғым; 7 сыныпта функцияны оқып-үйрену; сызықтық функция; 8 – 9 сыныптарда функцияны оқып-үйрену; квадраттық функция; 10–11 сыныптарда функция туралы мәліметтерді жүйелеу; функцияның негізгі қасиеттері; функцияны зерттеудің жалпы схемасы; көрсеткіштік және логарифмдік функциялар; кері функция туралы ұғым; дәрежелік функция; тригонометриялық функциялар.

Теңдеулерді оқытып-үйрету әдістемесі: теңдеулер және олардың мектеп математика курсына алатын орны; «теңдеу» ұғымының әртүрлі анықтамалары, оларды қалыптастыру; теңдеулердің мәндестігі туралы теоремалар; 5-6 сыныптарда теңдеулерді оқып-үйрену; 7 сыныпта теңдеулерді жүйелі түрде оқып-үйренуді бастау; теңдеулерді шешудің жалпы әдістері; сызықтық теңдеулер және олардың жүйелері; квадрат, биквадрат, бөлшек-рационал теңдеулер және олардың жүйелері; иррационал, көрсеткіштік, логарифмдік, тригонометриялық теңдеулер және олардың жүйелері; белгісізі модуль таңбасы астындағы теңдеулер және олардың жүйелері.

Мәтінді есептерді шығаруды оқытып-үйрету әдістемесі: математиканы оқытудағы есептердің ролі, олардың дидактикалық қызметі; есептердің шешімін іздеу; есептерді шығарудың негізгі кезеңдері; математиканы есептер арқылы оқып-үйрену; мәтінді есептерді жүйелеу мен классификациялау мәселелері; арифметикалық амалдардың компоненттері арасындағы тәуелділікке берілген есептер; процентке берілген есептер; қозғалысқа берілген

есептер; жұмысқа және еңбек өнімділігіне берілген есептер; концентрация мен проценттік құрамға берілген есептер; стандартты емес есептер.

Теңсіздіктерді оқытып-үйрету әдістемесі: теңсіздіктердің мектеп математика курсына алатын орны; «теңсіздік» ұғымының әртүрлі анықтамалары, оларды қалыптастыру; теңсіздіктердің мәндестігі туралы теоремалар; сандық теңсіздік туралы ұғым, сандық теңсіздіктердің қасиеттері, сызықтық теңсіздіктер мен олардың жүйелері; квадраттық теңсіздіктер; теңсіздіктерді және олардың жүйелерін шешудің интервалдар әдісі; иррационал, көрсеткіштік, логарифмдік, тригонометриялық теңсіздіктер және олардың жүйелері; белгісізі модуль таңбасы астындағы теңсіздіктер және олардың жүйелері.

Математикалық анализ элементтерін оқытып-үйрету әдістемесі: арифметикалық және геометриялық прогрессиялар; шек және функцияның үздіксіздігі ұғымдары; туынды ұғымын қалыптастыру; функцияны зерттеуде туындыны пайдалану; жанаманың теңдеуі; интеграл ұғымын қалыптастыру, интегралдың қолданылуы.

Планиметрия курсына оқытып-үйрету әдістемесі: планиметрия курсына құрудың аксиоматикалық амалы; геометрияның негізгі ұғымдары және олардың қасиеттері; геометрияны оқып-үйренудегі көрнекіліктің алатын орны, геометриялық фигуралар; көпбұрыш ұғымын қалыптастыру; үшбұрыш және оның классификациясы; үшбұрыштардың теңдігі; төртбұрыш және оның классификациясы; дұрыс көпбұрыштар; шеңбер және дөңгелек; нүктелердің геометриялық орны; салу есептері; жазықтықтағы геометриялық түрлендірулер; қоғалыс және ұқсастық; жазық фигуралардың ауданын өлшеу туралы ұғым.

Стереометрия курсына оқытып-үйрету әдістемесі: стереометрия курсының логикалық құрылымы; кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық; геометриялық денелер; геометриялық денелердің бүйір бетінің ауданы мен көлемі туралы ұғымдарды енгізу; геометриялық денелердің беттерінің ауданы мен көлемін есептеуге арналған формулаларды қорытып шығару; интегралды пайдалану; математиканы оқытудағы және оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытудағы геометриялық есептердің алатын орны.

Аналитикалық геометрия элементтерін оқытып-үйрету әдістемесі: жазықтықтағы тікбұрышты координаталар жүйесі; векторлар және оларға геометриялық және координаталық формаларда амалдар қолдау; кеңістіктегі координаталар мен векторлар; кеңістіктегі түзудің, шардың және жазықтықтың теңдеулері.

Стохастика мен ықтималдықтар теориясының элементтерін оқытып-үйрету әдістемесі: мектеп математика курсына осы бөлімді енгізудің негізгі мақсаты; ақпаратты жинақтау, өңдеу және көрсетіп беру (сызбалар, кестелер, диаграммалар, графиктер және т.с.с.); комбинаторика элементтері; ықтималдықтар теориясының элементтері.

Мектепте математикадан оқу жұмысын ұйымдастыру

Қазіргі заманғы математика сабағы: сабақтың ерекшелігі және функциялары; сабақтың типі мен түрлері; сабақтың құрылымы және оның өзгермелілігі; сабақтың кезеңдері және олардың өзара байланысы; сабаққа дайындалу, оны жоспарлау (ұзақмерзімді, ортамерзімді және қысқамерзімді жоспарлар) және өткізу; қазіргі заманғы математика сабағына қойылатын талаптар; математика сабағына әдістемелік тұрғыдан талдау жасау; математика сабағында ынтымақтастықты ұйымдастыру тәсілдері; математика сабағын өткізудің дәстүрлі емес және интерактивті формалары.

Сабақта жаңа оқу материалын оқытып-үйретуге дайындық кезінде, жаңа оқу материалымен таныстыру кезінде және жаңа білімді бекіту кезінде оқушылардың қызметін ұйымдастыру. Математикалық білім, білік және дағдыларды тексеру кезінде оқушылардың қызметін ұйымдастыру. Математика сабақтарында оқушылардың өзіндік және шығармашылық қызметтерін ұйымдастыру. Оқушылардың логикалық ойлауы мен танымдық қабілеттерін дамытумен байланысты қызметін ұйымдастыру. Математикадан сыныптан тыс және факультативтік сабақтарда, инновациялық оқу орындарында, математиканы тереңдетіп оқытатын мектептер мен сыныптарда оқушылардың қызметін ұйымдастыру.

Математиканы оқыту әдістемесі педагогикалық ғылым ретінде

Әдістемелік – математикалық ғылымның объектісі, пәні, мақсаты мен міндеттері, зерттеу әдістері. Қазақстан Республикасындағы әдістемелік-математикалық ғылымның дамуына тарихи шолу. Әдістемелік – математикалық ғылымның дамуындағы психологиялық және дидактикалық зерттеулердің ролі. Әдістемелік – математикалық ғылымның алыс және жақын шетелдердегі қазіргі даму жағдайы.

«Математиканы оқыту әдістемесі» пәнін оқып-үйрену барысындағы білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары.

3. ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДЫҢ ҮЛГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Математикадан Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептерінің 5-6 сыныптарына арналған оқу-әдістемелік кешендеріне логикалық-дидактикалық талдау.
2. Математикадан Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептерінің 7-9 сыныптарына арналған оқу-әдістемелік кешендеріне логикалық-дидактикалық талдау.
3. Математикадан Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептерінің 10-11 сыныптарына арналған оқу-әдістемелік кешендеріне логикалық-дидактикалық талдау.
4. Математикалық білімдерді бағалаудың нормалары. Математикадан оқушылардың білім, білік және дағдыларын тексеру.
5. Орта мектеп оқушыларында математикалық ұғымдарды қалыптастырудың әдістемесі.

6. Математикалық терминдер мен символдарды енгізудің, түсіндірудің және қолданудың әдістемесі.
7. Мектеп математика курсындағы заңдылықтар, ережелер және алгоритмдер.
8. Теоремаларды және оларды дәлелдеуді оқып-үйренудің әдістемесі.
9. Оқушыларға алгоритмдер құруды оқытып-үйрету әдістемесі.
10. Математикадан көрнекі құралдар дайындаудың әдістемесі .
11. Математиканы оқытудың заманауи құралдарын қолданудың әдістемесі.
12. Тестілеу математиканы оқыту барысындағы педагогикалық өлшеудің құралы ретінде.
13. Математиканы оқытуда қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану әдістемесі.
14. Математиканы оқытудың интерактивті әдістемесі.
15. Жалпы білім беретін мектепте сандар жүйесін оқытып-үйретудің әдістемесі.
16. Жалпы білім беретін мектепте теңбе-тең түрлендірулерді оқытып-үйретудің әдістемесі.
17. Жалпы білім беретін мектепте функцияларды оқытып-үйретудің әдістемесі.
18. Жалпы білім беретін мектепте теңдеулерді шешуге оқытып-үйретудің әдістемесі.
19. Жалпы білім беретін мектепте мәтінді есептерді шешуге оқытып-үйретудің әдістемесі.
20. Жалпы білім беретін мектепте теңсіздіктерді шешуге оқытып-үйретудің әдістемесі.
21. Жалпы білім беретін мектепте математикалық анализ элементтерін оқытып-үйретудің әдістемесі.
22. Жалпы білім беретін мектепте планиметрияны оқытып-үйретудің әдістемесі.
23. Жалпы білім беретін мектепте стереометрияны оқытып-үйретудің әдістемесі.
24. Жалпы білім беретін мектепте аналитикалық геометрия элементтерін оқытып-үйретудің әдістемесі.
25. Жалпы білім беретін мектепте стохастика мен ықтималдықтар теориясы элементтерін оқытып-үйретудің әдістемесі.
26. Математиканы оқыту барысында оқушылардың ой әрекетін қалыптастырудың әдістемесі.
27. Оқушыларға есептердің шешімін іздеуге оқытып-үйретудің әдістемесі.
28. Оқушылардың математикалық білімдерді меңгеру деңгейін зерттеудің әдістемесі.
29. Мұғалімнің сабаққа дайындығы. Математика сабағын жоспарлау.
30. Математика сабағының конспект-жоспарын жасау.
31. Орта мектепте дәстүрлі емес математика сабақтарын өткізу әдістемесі.
32. Математика сабағын бақылау және оған әдістемелік тұрғыда талдау жасау.

33. Математика сабағында жаңа оқу материалын оқып-үйренуге дайындық кезеңінде оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыру.
34. Математика сабағында жаңа оқу материалын оқып-үйрену кезеңінде оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыру.
35. Математика сабағында жаңа оқу материалын бекіту кезеңінде оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыру.
36. Математика сабағында оқушылардың білім, білік және дағдыларын тексеру кезеңінде оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыру.
37. Математика сабақтарында оқушылардың өзіндік және шығармашылық қызметтерін ұйымдастыру.
38. Оқушылардың логикалық ойлау және танымдық қабілеттерін дамытумен байланысты оқу қызметтерін ұйымдастыру.
39. Математикадан сыныптан тыс жұмыстарда және факультативтік сабақтарда оқушылардың қызметін ұйымдастыру.
40. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

4. ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ҮЛГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Негізгі мектепте бөлшек сандарды оқытып-үйретудің әдістемесі.
2. Негізгі мектепте теріс сандарды оқытып-үйретудің әдістемесі.
3. Негізгі мектепте сызықтық функцияны оқытып-үйретудің әдістемесі.
4. Жалпы білім беретін мектепте анықтамаларды оқытып-үйретудің әдістемесі.
5. Жалпы білім беретін мектепте теоремаларды оқытып-үйретудің әдістемесі.
6. Жалпы білім беретін мектептің геометрия курсындағы дәлелдеудің әртүрлі тәсілдері оқытудың тиімділігін арттыру құралы ретінде.
7. Жалпы білім беретін мектепте көрсеткіштік функцияны оқытып-үйретудің әдістемесі.
8. Жалпы білім беретін мектепте туындыны оқытып-үйретудің әдістемесі.
9. Геометрия курсындағы тригонометриялық функциялардың пропедевтикасы.
10. Геометриялық және физикалық есептерді шығаруда интегралдың қолданылуы.
11. Жалпы білім беретін мектепте параметрі бар есептерді шығарудың аналитикалық тәсілдері.
12. Жалпы білім беретін мектепте параметрлі есептерді шығарудың графиктік тәсілдері.
13. Мектеп математикасының есептерін шығаруда туындыны қолдану.
14. Жалпы білім беретін мектепте көрсеткіштік функцияны оқытып-үйретудің әдістемесі.
15. Жалпы білім беретін мектепте тригонометриялық функцияларды оқытып-үйретудің әдістемесі.
16. Жалпы білім беретін мектептің жоғары сыныптарындағы «Экстремальдық есептер» атты арнаулы курс.

17. Мектепте туындының геометриялық және физикалық қолданылуына берілген есептерді шығару.
18. Сан аргументі тригонометриялық функцияларды оқып-үйренудегі оқушылардың жіберетін типтік қателері және оны жоюдың жолдары.
19. Негізгі мектептің алгебра курсында теңдеулерді оқытып-үйретудің әдістемесі.
20. Геометрия сабақтарында қайталауды ұйымдастыру.
21. Жалпы білім беретін мектепте теңсіздіктерді оқытып-үйретудің әдістемесі.
22. Математиканы оқытудағы индукцияның ролі.
23. Математиканы саралап оқыту.
24. Мәтінді есептерді шығаруға оқытып-үйретудің әдістемесі.
25. Математиканы оқытудың қолданбалық бағыттылығы.
26. Жалпы білім беретін мектептің математика сабақтарында оқушылардың тұлғалық шығармашылық әлеуетін дамыту.
27. Планиметриялық есептерінің шешімін іздеуді ұйымдастыру.
28. 5-6 сыныптарда оқушылардың логикалық ойлауын дамыту.
29. Геометриялық дәлелдеулерді баяндаудың әдістемесі.
30. Өзіндік жұмыс оқу қызметін ұйымдастырудың формасы ретінде.
31. Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулерді оқытып-үйретудің әдістемесі.
32. Функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерін табуға берілген есептер.
33. Мектеп математика курсына интегралды оқытып-үйретудің әдістемесі.
34. Математика сабақтарында оқушылардың білімдерін тексеру.
35. Қозғалысқа берілген есептер жүйесі оқушыларды дамытудың құралы ретінде.
36. Мектептің математика мен физика, математика және информатика курстарындағы пәнаралық байланыстар.
37. Математика сабақтарында оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру.
38. 5–6 сыныптарда есептер арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру.
39. Математиканы оқыту барысында санау жүйелері туралы тарихи мәліметтерді пайдаланудың әдістемесі.
40. «Ондық бөлшек» ұғымының пайда болуы туралы тарихи мәліметтер және оларды математика сабақтарында пайдаланудың әдістемесі.
41. Математиканы оқытудың ұстанымдары, формалары және әдістері.
42. Есептерді теңдеулердің көмегімен шығаруға оқып-үйренудің әдістемесі.
43. Негізгі мектепте комбинаторика элементтерін оқытып-үйретудің әдістемесі.
44. Жалпы білім беретін мектепте ықтималдықтар теориясын оқып-үйренудің әдістемесі.
45. Геометрия сабақтарында теоремаларды дәлелдеудегі оқушылардың аналитикалық-синтетикалық қызметі.

46. Сан аргументі тригонометриялық функция ұғымын қалыптастыру және оның қолданылуын оқыту.
47. Жалпы білім беретін мектепте нақты сандарды оқытып-үйрету.
48. Математика сабақтарында оқушылардың білімін жүйелеу.
49. Математика сабақтарында зертханалық жұмыстарды өткізу әдістемесі.
50. Математика сабақтарында тарихи элементтерді пайдалану оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудың факторы ретінде.
51. Жалпы білім беретін мектепте анықталған интеграл ұғымын енгізудің әдістемесі.
52. Тригонометриялық функцияларды оқытып-үйретудің әдістемесі.
53. Мектеп математика курсындағы анықтамалар.
54. Математика сабақтарында оқушылардың өзіндік қызметін ұйымдастыру.
55. Жалпы білім беретін мектептегі математикалық ұғымдар және олардың анықтамалары.
56. Қазақстан Республикасындағы математикалық білім беру ісінің дамуы.
57. Мектеп математика курсындағы теңдеулерді шешудің жалпы әдістері.
58. Математиканы оқыту процесінде даралап оқытуды ұйымдастыру.
59. Танып-білуге бағытталу математика сабақтарындағы құндылық ретінде.
60. Проблемалық оқыту және оны математика сабақтарында пайдалану.

5. ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

Негізгі әдебиет:

1. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: дидактикалық әдістемелік негіздері. – Алматы, 2013. – 225 б.
2. Абылқасымова А.Е. и др. Педагогические технологии организации самостоятельной работы студентов. - Алматы, 2002.
3. Абылқасымова А.Е. и др. Концептуальные проблемы создания и совершенствования школьных учебников. - Алматы, 2011.
4. Абылқасымова А.Е. и др. Содержание образования и школьный учебник. – М., 2012.
5. Абылқасымова А.Е. Современный урок. - Алматы, 2007.
6. Абылқасымова А.Е. Проектирование контроля и учета результатов обучения в средней школе. - Алматы, 2005.
7. Абылқасымова А.Е. и др. Структурирование школьного учебника и учебно-методического комплекса. – Астана, 2006.
8. Абылқасымова А.Е. и др. Преемственность в обучении математике в средней школе. - Алматы, 2010.
9. Гусев В.А. Методика обучения геометрии /В.А. Гусев, В.В. Орлов, В.А. Панчищина и др. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 368 с.
10. Гусев В.А. Психолого-педагогические основы обучения математике. - М., 2003.
11. Әбілқасымова А.Е. және т.б. Жалпы білім беретін мектептің 5 сыныбына арналған математика оқулығына әдістемелік нұсқау. - Алматы, 2017.

12. Әбілқасымова А.Е. және т.б. Жалпы білім беретін мектептің 6 сыныбына арналған математика оқулығына әдістемелік нұсқау. - Алматы, 2018.

13. Әбілқасымова А.Е. және т.б. Жалпы білім беретін мектептің 7 сыныбына арналған алгебра оқулығына әдістемелік нұсқау. - Алматы, 2017.

14. Әбілқасымова А.Е. және т.б. Жалпы білім беретін мектептің 8 сыныбына арналған алгебра оқулығына әдістемелік нұсқау. - Алматы, 2018.

15. Әбілқасымова А.Е. және т.б. Жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбына арналған алгебра оқулығына әдістемелік нұсқау. - Алматы, 2013.

16. Әбілқасымова А.Е. және т.б. Жалпы білім беретін мектептің 10 сыныбына арналған алгебра және анализ бастамалары оқулығына әдістемелік нұсқау. - Алматы, 2014.

17. Әбілқасымова А.Е. және т.б. Жалпы білім беретін мектептің 10 сыныбына арналған алгебра және анализ бастамалары оқулығына әдістемелік нұсқау. - Алматы, 2015.

18. Смирнов В.А., Туяков Е.А. Жалпы білім беретін мектептің 7 сыныбына арналған геометрия оқулығына әдістемелік нұсқау. – Алматы, 2017.

19. Смирнов В.А., Туяков Е.А. Жалпы білім беретін мектептің 8 сыныбына арналған геометрия оқулығына әдістемелік нұсқау. – Алматы, 2018.

Қосымша әдебиеттер:

1. Петрова Е.С. Теория и методика обучения математике: Учебно-методическое пособие для студентов математических специальностей / Е.С. Петрова. – Саратов: Издательство саратовского университета, 2004. – 84с.

2. Владимирцева С.А. Теория и методика обучения математике.– Барнаул, 2005.

3. Подготовка учителя математики: инновационные подходы. Под ред. В.Д. Шадрикова.- М., 2002.

4. Гельфман Э., Холодная М. Психодидактика школьного учебника. - М., 2006.

5. Груденов В.И. Совершенствование учебного процесса по математике. – М., 1993. – 204 с.

6. Иванова Т.А. и др. Теоретические основы обучения математике в средней школе. – Н. Новгород., 2003.

7. Манвелов С.Г. Конструирование современного урока математики. - М., 2002.

8. Тестов В.А. Стратегия обучения математике. -М., 2002.

9. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования. -М., 2008.

10. Математика: 5 сынып оқулығы //А.Әбілқасымова, Т.Кучер және т.б. – Алматы: Мектеп, 2017.

11. Математика: 6 сынып оқулығы //А.Әбілқасымова, Т.Кучер және т.б. – Алматы: Мектеп, 2018.

12. Алгебра: 7 сынып оқулығы //А.Әбілқасымова және т.б. – Алматы: Мектеп, 2017.

13. Геометрия: 7 сынып оқулығы // Смирнов В.А., Туяков Е.А. – Алматы: Мектеп, 2017.

14. Алгебра: 8 сынып оқулығы //А.Әбілқасымова және т.б. – Алматы: Мектеп, 2018.

15. Геометрия: 8 сынып оқулығы // Смирнов В.А., Туяков Е.А. – Алматы: Мектеп, 2018.

16. Алгебра: 9 сынып оқулығы //А.Әбілқасымова және т.б. – Алматы: Мектеп, 2013.

17. Алгебра және анализ бастамалары: 10 сынып оқулығы. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт //А.Әбілқасымова және т.б. – Алматы: Мектеп, 2014.

18. Алгебра және анализ бастамалары: 10 сынып оқулығы. Жаратылыстану-математикалық бағыт //А.Әбілқасымова және т.б. – Алматы: Мектеп, 2014.

19. Геометрия: 10 сынып оқулығы. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт //Ж.Қайдасов, В.Гусев және т.б. – Алматы: Мектеп, 2014.

20. Геометрия: 10 сынып оқулығы. Жаратылыстану-математикалық бағыт //В.Гусев және т.б. – Алматы: Мектеп, 2014.

21. Алгебра және анализ бастамалары: 11 сынып оқулығы. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт //А.Әбілқасымова және т.б. – Алматы: Мектеп, 2015.

22. Алгебра және анализ бастамалары: 11 сынып оқулығы. Жаратылыстану-математикалық бағыт //А.Әбілқасымова және т.б. – Алматы: Мектеп, 2015.

23. Геометрия: 11 сынып оқулығы. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт //В.Гусев және т.б. – Алматы: Мектеп, 2015.

24. Геометрия: 11 сынып оқулығы. Жаратылыстану-математикалық бағыт //В.Гусев және т.б. – Алматы: Мектеп, 2015.

Авторлары:

Қосанов Б.М. – п. ғ. к., профессор м. а., Абай атындағы ҚазҰПУ

Туяков Е.А. – п. ғ. к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

PhOA 3302 Физиканы оқытудың әдістемесі

5B012600–Математика-Физика

2 кредит

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Жамалов А. – т.ғ.д., профессор, Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Әлімбаева Г.Б. – п.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

5. ҚР БҒМ Републикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Түсінік хат

Физиканы оқыту әдістемесі (ФОӘ) бағдарламасы болашақ физика пәні мұғалімі физиканы оқытудың әдістемесі пәні бойынша меңгеруі тиіс теориялық білімдердің, дағдылар мен икемділіктің көлемін анықтайды. Физика әдістемесі жайлы бағдарламаның маңызды міндеті орта мектеп физика мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлығын жақсарту мақсатында осы курстың теориялық негіздерін күшейту болып табылады.

Физиканы мектепте оқыту әдістемесінің ғылыми негіздерін ашуға көп көңіл бөлу керек. Физикалық ұғымдарды қалыптастыру мен негізгі физикалық заңдарды түсіндірудің әдістемесі курста кеңінен көрсетілуі тиіс.

Физикалық ұғымдарды қалыптастыру мен негізгі физикалық заңдардың мазмұнын ашып, олардың практикада пайдалануын баяндау қажет. Мектеп физика курсының әрбір тақырыбы бойынша өтілетін сабақтарда демонстрациялық экспериментті үлгілі түрде орындаудың, кестелерді, диаграммаларды, слайдтарды, бейнефильмдерді, анимацияларды және т.с.с. көрнекі құралдарды көрсетудің маңызы зор. Лекциялық курс бойынша демонстрациялық тәжірибелерді даярлау мен көрсетуге студенттердің өзін қатыстыру пайдалы.

Университеттер мен пединституттарды бітірушілердің шығармашылық түрде жұмыс істеуіне бағыт беруді көздей отырып, физика әдістемесін оқыту, студенттердің тек физиканың мазмұны ғана емес, сондай-ақ физика әдістемесінің әдістерін меңгеруін қамтамасыз ету керек. Студенттерді түсіндірілетін қағидалардың мазмұнымен ғана емес, сонымен бірге ол қағидаларды жасау мен тексеруге болатын әдісті көрнекті түрде көрсете алатындай етіп дербес (жеке тақырыптарды оқыту) әдістемесін дәлелді баяндаудың нәтижесінде бұл соңғы мақсаттың жүзеге асырылуы мүмкін.

Бағдарламаға физика пәні мұғалімінің мамандық сипаттамасына, физика-математика факультетін бітірушінің біліміне, қабілеті мен машығына қойылатын негізгі әдістемелік-ғылыми талаптар енгізілген, атап айтқанда, мектеп бағдарламасы бойынша қиындығы әр түрлі дәрежедегі есептерді шығару шеберлігі, оларды шығару әдістерін білу, оқыту үстінде туатын нақты жағдайларға лайықтап өздігінен есеп құру қабілеті енгізілген.

Физика есептерін шығару студенттердің оқу материалдарын саналы түрде терең игеруіне қолайлы жағдай туғызады, олардың алған білімдерін пайдалана білу қабілетін қалыптастырады және бекітеді. Сонымен қатар есептерді шығару оқушылардың өздігінен ойлануын, қиыншылықтарды жеңуге деген жігерін және табандылығын арттыру құралдарының бірі болып есептелініп, оқу процесін жақсартта түседі. Жоғарғы оқу орындарында физика есептері практикалық сабақтарда, бақылау жұмыстарын орындау кезінде және өзіндік жұмыс істеу арқылы шығарылып отырады.

Физика мұғалімі жүргізетін тәрбие жұмыстарына ерекше көңіл бөлу керек. Студенттерге сабақты оқытудағы және сыныптан тыс жұмыстардағы тәрбиенің толық жүйесін ашып көрсету керек.

Мектеп курсына әдістемелік талдау процесінде студенттерді тиісті әдістемелік, ғылыми-көпшілік әдебиеттермен және оқулықтармен таныстыру керек.

Бағдарлама салыстырмалық теория, жартылай өткізгіштер, кванттық физиканың элементтері, атом ядросының физикасы атты курстың жаңа тақырыптарын оқытудың әдістемесін қарастыру керек. Физика әдістемесі бойынша бағдарламаға алғаш рет техникалық оқу құралдары, факультативтік курстарды талдау, оқу процессін ұйымдастырудың жаңа формалары, инновациялық оқыту әдістері және т.б. мәселелер қосылған.

«Физиканы оқытудың әдістемесі» пәнінің негізгі міндеттеріне:

– студенттердің орта және жоғарғы оқу орындарындағы физика курсының ғылыми және психология-педагогикалық негізінің құрылымы мен мазмұнын оқып үйрену;

– физиканы оқытудың принциптері мен әдістерін меңгеру;

– пән бойынша оқу жоспарын жасау, кәсіптік оқу орнының түріне қарай материалдарды таңдап, әдістемелік амалдарды қолдану;

– студенттерді есеп шығару әдістемесіне үйрету, олардың логикалық ойлау операциясы дәйекті болуын, ой-пікірде формализм болдырмауын қамтамасыз ету, стандартты жағдайда тұрақты машық алуға, физикалық жәй-жағдайды талдай білуге үйрету жатады.

Жоғары оқу орнындағы физика әдістемесінің міндеті - студенттерді оқу процесінің қазіргі заманғы құралдарымен және жұмыс істеу әдістерімен таныстыру.

Ғылыми және оқу әдістемелік әдебиеттерді өз бетінше терең оқып, керекті тәжірбиелер мен түрлі көрнекі құралдарды таңдап алып, тексеріп көрген соң семинарлық сабақтарда студенттер өз группасы алдында берілген тақырып бойынша баяндамалар жасайды және іскерлік ойын сабақтарын өткізеді. Мұндай баяндамаларды талқылау кезінде тақтадағы салынған суреттердің сапасына, демонстрациялық тәжірбиелердің техникасы мен әдістемесіне, оптикалық проекцияны қоя білуіне, есептерді тандай біліп және оларды шығаруының сапасына, техникадан қажетті мысалдарды пайдалана білуіне көңіл бөлу керек. Студенттердің сөзінде олардың тақырып мазмұнын ғылыми дәлелдеуге, оның мәнін ашудың әдістемелік нұсқаларына шығармашылық түрде сын көзбен қарауға ұмтылу әрекеттерінің байқалуы өте маңызды.

Семинар сабақтарында оқу есептерін шығару процесінің психология-педагогикалық қырлары, шығару құрылымы, осы үрдістің алгоритмизациясы, есептерді шығарудың әдістері мен тәсілдерін белгілеу және т.б. қарастырылады. Есептерді шығарудың әдістері, тәсілдері және ерекшеліктері белсенді талқылау үстінде дәйектелінуі керек. Семинарларда бағдарламалық материалды түсіну және оны қолдану дәрежесіне жетуге тырысу керек. Әр сабақ екі сағатқа бейімделген. Практикалық сабақтарда жеке-жеке тақырыптар: кинематика, динамика газ заңдары және т.б. тақырыптар

бойынша есептерді шығару әдістемесі жаттықтырылып шындалады, физикадан алған білімдері тиянақты дәлелденіп, қалыптасып бекітіледі.

Физика әдістемесінің кейбір жалпы мәселелері лекцияда баяндалып, соңынан семинар сабақтарында қосымша қарастырылады. Мұндай мәселелер қатарына, физика бойынша лабораториялық сабақтар, физикадан оқушыларды кітаппен жұмыс істеуге үйретудің әдістемесін, экскурсиялар және т.б. жатқызуға болады. Уақыт жетпегендіктен физика әдістемесінің кейбір дербес мәселелері тек семинар сабақтарында ғана қарастырылады: лекциялар мен семинар сабақтарының нақты мазмұны өндірістік жұмыс жоспарында анықталып көрсетіледі. Семинар сабақтарда жаңа педагогикалық технологиялық оқыту әдістері бойынша да іскерлік ойын сабақтары өткізіледі.

Студенттер физика пәнінен сабақ өткізу дағдыларын педагогикалық практика кезінде қалыптастырады. *Физика әдістемесі бойынша педагогикалық практика бітірер алдындағы және бітіретін курстарда өткізіледі (3-4 курстар).*

Танысу практикасының міндеті (3-курс) – практиканың жетекшісі–әдіскері мен мектеп физика мұғалімі тексерген даяр конспектiлер мен жоспарларды басшылыққа ала отырып студенттердің жеке сабақтарды ойдағыдай беріп, сабақ өткізудің шеберлігіне төселуді қамтамасыз ету, сондай-ақ практиканттарды физика мұғалімінің сыныптан тыс жұмысы және сынып жетекшісінің тәрбие жұмысы туралы жеке тапсырмаларды орындауға үйрету. Алғашқы педагогикалық практика негізгі мектептің 7,8 сыныптарында өткізілуі тиіс.

Өндірістік педагогикалық практика (4-курс) негізгі мектептің 9 сыныбында және бағдарлы мектептің 10-11 сыныптарында өтіледі. Педагогикалық практика барысында, мүмкіндігінше, әрбір студент өзбетінше (практика жетекшісінің ұдайы қадағалауымен жәрдемінің нәтижесінде) оқушыларалдында физика курсының қайсыбір тақырыбын немесе тақырыпшасын талап түсіндіре алатын, өз сыныбында физикадан сыныптан тыс жұмысты және сынып жетекшісінің жұмысын жүргізе білетін болуы керек.

Алғашқы 1,5-2 аптада студент мектептің оқу тәрбие жұмысын ұйымдастырумен танысады, практика жетекшісі өткізетін екі-үш үлгілі ашық сабақта болып, оның толық талдауына қатынасады, оқу материалын және тәрбие жұмысын жоспарлаудың түрлері мен тәсілдерін меңгереді, сыныпты зерттеп таниды, сабақтардың конспектiлерiн жасауды үйренеді, сондай-ақ бағдарламаларда көрсетілген басқа да тапсырмаларды орындайды.

Педагогикалық практиканың **негізгі міндеттері** төмендегілер болып табылады:

а) оқытудың әр алуан әдістері мен тәсілдерін пайдалана білу, сабақтың жоғарғы әсерлілігіне жету үшін оларды тиімді үйлестіре білуге үйрету;

б) оқушылардың ойлау қызметін жандандырудың тәсілдерін зерттеп танып, оларды практикада қолдану;

в) оқуды өмірмен байланыстырудың жолдарын зерттеп білу;

г) пәнаралық байланысты тағайындау және пайдалану.

ФОӘ циклінің пәндерін оқып болған соң студенттер физика сабағын жоғарғы ғылыми-әдістемелік деңгейде өткізе алатын **құзырлы** маманға айналады.

Құзырлылықтар

Студент білуі керек:

- сабақ түрлері мен классификациясын;
- есеп шығарудың әдістері мен тәсілдерін;
- тақырыптық бақылау жұмыстарын дайындауды;
- белгілі тақырыпқа байланысты тест құрастыруды білу керек.

Студент жасай білуі керек:

- физиканы оқыту принциптері мен міндеттеріне сәйкес дүниені біртұтас танып білдіретіндей және оның тәрбиелік мәнін ескере отырып тақырыптық, календарлық өндіріс және сабақ жоспарын жасай білу;
- бақылау, өзіндік және жеке жұмыстар жүргізу үшін дидактикалық материалдарды іріктеп алу;
- факультативтік сабақтардың жоспарын жасай білу;
- физикалық практикумды өткізу үшін әдістемелік нұсқаулық құрастыра білуі керек;
- физикадан сыныптан тыс жұмыстардың жоспары мен сценарийін құрастырып, өткізе білу.

Студент игеруі керек:

- оқыту әдістері мен түрлерін;
- зертханалық жұмыстар мен демонстрацияларды өткізу тәсілдерін;
- қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолданып сабақ өткізу әдістерін.

Пререквизиттер:

- мектеп физика курсы;
- жалпы және теориялық физика курсы;
- информатика;
- педагогика;
- психология.

Постреквизиттер:

- Оқытудың инновациялық технологиялары.

Пәннің тақырыптық жоспары

1. Физиканы оқытудың әдістемесі пәнінің жалпы мәселелері
2. Физиканы оқытудың әдістемесі пәнінің дербес мәселелері
3. Физиканы оқытудың әдістемесі бойынша курстық жұмыстар, арнаулы курстар, арнаулы семинарлар, арнаулы практикумдар және факультативтік курстар.

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

1-бөлім. Физиканы оқытудың әдістемесі пәнінің жалпы мәселелері

Кіріспе: Физиканы оқыту әдістемесі – педагогикалық ғылым, оның зерттейтін мәселелері мен зерттеу әдістері. Физиканы оқыту әдістемесінің физикамен, философиямен, психологиямен және педагогикамен байланысы. Физиканы оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері және негізгі міндеттері.

Физика пәнін мектепте оқытудың негізгі міндеттері: физика ғылымының негіздерін меңгеру (бағдарламада көрсетілген білімді, дағдыларды және шеберліктерді игеру), оқушылардың ойлауын және танымдық қабілеттерін дамыту, дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, политехникалық білім беру.

Физиканы оқытудың қазіргі заманғы тұжырымдамасы. Мектеп физика курсының бірінші және екінші басқышының мазмұны мен жүйесі. Физиканың пропедевтикалық курсы. Мектеп физика курсының даму перспективалары. Физиканың химиямен, биологиямен, математикамен, табиғаттанумен және оқушылардың еңбек тәрбиесімен байланысы. Пәнаралық байланыстардың әдістемелік және дидактикалық маңызы. Жаңартылған білім мазмұнындағы негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған физикадан типтік оқу бағдарламалары.

Физикадан оқу сабақтарын ұйымдастырудың формалары: оқу материалын күнтізбелік (календарлық) және тақырыптық жоспарлау, сабақта және сабақтан тыс уақытта оқушылардың өздік жұмыстары.

Физиканы оқыту әдістері: Оқыту әдістерінің ғылыми негіздері мен классификациясы. Физикадан оқу материалын ауызша баяндау және олардың ерекшеліктері: әңгіме, әңгімелеу, түсіндіру, баяндау, лекция.

Физикалық демонстрациялық эксперимент. Демонстрациялық эксперимент, оның мәні және оған қойылатын әдістемелік талаптар.

Физика бойынша зертханалық сабақтар: фронтальды зертханалық жұмыстар, физикалық практикум, фронтальды тәжірибелер, сыныптан тыс бақылаулар мен тәжірибелер. Физикалық экспериментінің техникалық жабдықталуы және жүйесі. Физикалық приборлардың жалпы сипаттамасы және классификациясы.

Физика есептерін шығарудың жалпы әдістемесі. Физика есептерінің классификациясы есептер шығаруға үйрету әдістемесі. Есеп шығару алгоритмі. Есептеу, сапалық, графиктік есептерін шығару әдістемесі. Шығармашылық есептер және олардың түрлері. Өртүрлі типтегі есептерді

құрастыру принциптері. Бақылау жұмыстарын дайындау, өткізу және бағалау әдістері. Тест тапсырмаларын құрастыру, өткізу және бағалау мәселелері.

Оқушылардың оқу жетістігін тексеру (Оқушылардың физикадан оқу жетістігін тексерудің теориялық негіздері).

Оқушылардың білімдерін мен іскерліктерін бақылау және есепке алу түрлері (физикалық диктант, тест, бақылау жұмыстары). Оқушылар білімін бағалау, бағаның мағынасы, мәні, міндеті және қызметі, білімді бағалау ережесі (критерийі).

Физика бойынша өтілетін экскурсиялар, олардың маңызы мен түрлері. Экскурсияны жоспарлау. Экскурсияларды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі.

Физика сабақтарында сынып тақтасына салынатын схемалар мен суреттерді, плакаттарды, кестелерді, слайдтарды, бейнефильмдерді және түрлі анимациялық модельдерді пайдалану.

Физиканы оқытудағы техникалық құралдар: оқу киносы, дыбыс шығару құралдары, радио, теледидар, оқытудың интербелсенді ақпараттық коммуникациялық құралдары. Бағдарламалап және компьютерлік оқыту құралдары және оларды физиканы оқытуда пайдалану.

Физика бойынша факультативтік курстар, олардың мазмұны мен өткізу әдістемесі. Физика пәні бойынша арнайы және таңдау курстары. Дарынды балалармен жұмыс жүргізу стратегиясы, дарындылықты анықтау.

Физика бойынша өтілетін сыныптан тыс жұмыстардың формалары мен әдістері. Физикалық және тақырыптық үйірмелер, мектеп олимпиадалары және физикалық кештер.

Физиканы проблемалық оқыту. Бағдарламаланған оқыту. Компьютер көмегімен оқыту үшін қажетті оқыту, анықтамалық, модельдеу бағдарламалары. Физиканы бағдарлы мектептерде оқыту әдістемесінің ерекшеліктері.

Жаңа педагогикалық оқыту технологиялары. (Жасампаздық педагогика – мұғалімдік қызметтің жоғарғы сатысы. В.М. Монахов, Ж. Қараев, В.Ф. Шаталов, Т.Т.Ғалиев, М.Жанпейісова – технологиялары, оқытудың ақпараттық технологиялары және т.б.).

2-бөлім. Физиканы оқытудың әдістемесі пәнінің дербес мәселелері

1-тарау. Физиканы оқытудың негізгі сатысы

1. Заттың құрылысы туралы бастапқы мағлұматтар.
2. Қозғалыс және күштер
3. Гидро- және аэростатиканың элементтері.
4. Жұмыс, қуат және энергия.
5. Жылу құбылыстары туралы алғашқы мағлұматтар. Жылу, жұмыс және ішкі энергия.
6. Атом құрылысы және электростатика элементтері.
7. Ток күші, кернеу, кедергі.
8. Электромагниттік құбылыстар. Жарық құбылыстары.
9. Денелердің қозғалыстары мен өзара әсерлесу заңдылықтары.
10. Механикалық тербелістер және толқындар. Дыбыс тақырыбын оқып-үйрену әдістемесі.
11. Электромагниттік өріс.
12. Атом және атом ядросының құрылысы. Атом ядросының энергиясын пайдалану.

2-тарау. Физиканы оқытудың жоғары сатысы.

1. Бағдарлы мектепте механиканы оқыту әдістемесі
2. Мектеп физика курсындағы молекулалық физиканы оқып-үйрену әдістемесі.
3. Газ заңдарын оқып-үйренуәдістемесі.
4. Термодинамика сұрақтарын оқып-үйрену әдістемесі.
5. “Электродинамика” бөлімін ғылыми-әдістемелік талдау және оқыту әдістемесі.
6. Электродинамиканың негізгі ұғымдарын оқып-үйрену әдістемесі.
7. Электромагниттік өріс тақырыбын оқып-үйренуәдістемесі.
8. Электромагниттік тербелістер тақырыбы ұғымдарын оқып-үйрену әдістемесі.
9. Электромагниттік толқындар тақырыбы ұғымдарын оқып-үйрену әдістемесі.
10. Арнайы салыстырымлық теориясының элементтері
11. Мектепте кванттық физиканы оқып-үйренуәдістемесі.

3-бөлім. Физиканы оқытудың әдістемесі бойынша курстық жұмыстар, арнаулы курстар, арнаулы семинарлар, арнаулы практикумдар және факультативтік курстар.

Көрсетілген сабақтардың бұл түрлері лекцияларда, семинарлық және лабораториялық сабақтарда, сонымен қатар педагогикалық практика процесінде алған әдістемелік білімдері мен дағдыларын тереңдететіндей университет бітірушілердің жұмысына шығармашылық сипат беруді қамтамсыз ету керек.

Жоғарыда арналған барлық сабақтардың мазмұны, көлемі және сипаты, негізінен орта мектепті дамытудың көкейкесті міндеттері және

университеттегі физиканы оқыту әдістемесі бойынша жүргізілетін ғылыми жұмыстардың тақырыптары негізінде анықталды.

Курстық жұмыстардың тақырыптары шығармашылық бағытта, мектептегі студенттердің жұмысы мен физика әдістемесі оқытушыларының ғылыми зерттеу жұмыстарымен байланысты болу керек.

Университетті бітірушілер, педагогика мен физика әдістемесі бойынша мемлекеттік емтихан өткізудің орнына, МАК алдында қорғайтын физика әдістемесінен және педагогикадан түлектік жұмыстарын жазуы мүмкін.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі

1. Файзуллаев А. Физиканы оқыту әдістемесі. Оқулық. – Алматы, Қыздар университеті, 2014. – 338 б.
2. Жүсіпқалиева Ғ.Қ., Джумашева А.А., Құбаева Б.С. Мектепте физика курсының оқытудың теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ редакциялық баспа орталығы, 2012. – 195 б
3. Алимбекова Г.Б. Болашақ физика мұғалімінің кәсіби даярлығын ғылыми ұғымдар жүйесін қалыптастыру негізінде жітілдіру. -Алматы, ҚазҰПУ, 2014. – 340 б.
4. Жанабаев З.Ж., Тынтаева Ш.Б., Жолдасова Х.Б. Физиканы оқыту әдістемесі, Алматы, 2002. -119 б.
5. Алимбекова Г.Б. Болашақ мұғалімдердің теориялық және әдістемелік даярлық деңгейін жетілдіруге арналған оқу құралы. – Алматы, ҚазҰПУ, 2008. – 206 б.
6. Ақитай Б.Е. Физиканы оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – А.: Мектеп, 2006.
7. Теория и методика обучения физике в школе. Общие вопросы. Учебное пособие для студентов пед.вузов. Под ред. С.Е.Каменецкого. – М.: Издательский центр «Академия», 2000 – 384 с.
8. Теория и методика обучения физике в школе. Частные вопросы. Учебное пособие для студентов пед.вузов. Под ред. С.Е.Каменецкого. - М.: Издательский центр «Академия», 2001 – 386 с.
9. Основы методики преподавания физики. /Ред. А.В. Перышкина В.Г., Разумовского и др. М: Дрофа, 2001.
10. Башарұлы Р., Байжасарова Г., Тоқбергенова У., Қаймулдина Ә. Физика. Әдістемелік нұсқау 11- сынып мұғалімдеріне арналған құрал. – Алматы, Мектеп, 2007. – 88 б.
11. Башарұлы Р., Тоқбергенова У., Қазақбаева Д. Физика және астрономия. Оқыту әдістемесі. 7-сынып. мұғалімдеріне арналған құрал. – Алматы, Атамұра, 2007. – 80 б.
12. Нұрқасымова С.Н., Желдібаева Б.С. Физика және астрономия. 7-8 сынып мұғалімдеріне арналған оқу әдістемелік құрал. – Семей, 2006. – 170 б.

13. Каменецкий С.Е. Современные проблемы методики обучения физике. - Н-Новгород, 2001.
14. Машропас З.П., Синдеев Ю.Т. Методика и практика преподавания. – Ростов н/д.: Феникс, 2002.
15. Методика преподавания физики. /Ред. В.П. Орехова, А.В. Усова т.І. М: Дрофа, 2001.
16. Методика преподавания физики. /Ред. В.П. Орехова, А.В. Усова Т.ІІ. М: Дрофа, 2002.
17. Гладышева Н.К. и др. Методика преподавания физики в 8-9 классах общеобразовательных учреждений. М: Просвещение, 2001.

Қосымша

1. Кем В.И., Кронгард Б.А. Сборник задач и упражнений. 7к–Атамұра, Алматы: 2004
2. .Алимбекова Г.Б.. Физика. Эксперименттік есептерді шығарудың теориясы мен әдістемесі. ҚР БҒМ Республикалық оқу әдістемелік кеңесі ұсынған. – Алматы, Нур-Принт, 2012. – 300 б.
3. Алимбекова Г.Б. «Қысқаша физика курсы 11- сынып». А.: «Азия-принт Адвертайзинг» , 2006 .
4. Электронные учебники по физике. 7-11 классы, – А. 2009.
5. Құдайқұлов М., Жаңабергенов Қ., орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі.-Алматы., 1998.
6. Алимбекова Г.Б. Физика. Кредиттік және сырттай оқитын студенттерге арналған оқу құралы, - Алматы, ҚазҰПУ. 2006. 228 б.
7. Кем В.И., Кронгард Б.А. Сборник задач и упражнений. 8к–Атамұра, Алматы: 2004
8. Рымкевич А.П., Рымкевич П.А. Сборник задач по физике– М., 2000.
9. Кабардин О.Ф. и др. Физика. Тесты для шк. – М.: Оникс 21-век, 2004.
10. Каменецкий С.Е., Орехов В.П. Методика решения задач по физике- М:Дрофа, 2001.
11. Степанова Г.Н. Методика преподавания курса “Физика и астрономия в 7-9 классах общеобразовательных учреждений.” М: “Просвещение”, 2000.

Интернет қорлары

1. <http://www.physic.kz/?p=2485>
2. <http://zhangozy.wordpress.com/2010/01/29>
3. http://physics1.ucoz.net/load/o_ushylyardy_fizika_esepтерin_shy_aru_a_jretu_di_stemesi/1-1-0-4
4. http://lib-kguti.kz/index.php/component/option,com_docman/
5. <http://videouroki.net/projects/index.php?id>
6. «w w w physicslab.co.uk »
7. <http://elibraru.ru>
8. <http://www.fizika. Ru>
9. <http://www.College.ru>
10. <http://physics.nad.ru/physics.htm>

Құрастырғандар:

Сыдықова Ж.Қ. – п.ғ.к., аға оқытушы

Оспанбеков Е.А. – PhD докторы, аға оқытушы

Thank you for trying Soda PDF